

Келісілді  
«Бақыт» бебекжайы» КМҚҚ  
кәсіподак комитетінің төрағасы  
  
Бауыржанқызы Б.  
2023 ж.

Бекітемін  
«Бақыт» бебекжайы» КМҚҚ  
директоры  
  
Ныттыметова З.Т.  
2023 ж.

**Ата-аналар (занды өкілдер) мен отбасы жағдайында тәрбиеленетін  
балалар үшін ұйымдастырылған «Бақыт» бебекжайы» КМҚҚ  
Консультациялық пункт туралы  
ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Бақыт» бебекжайы» КМҚҚ -ның кеңес пункті (бұдан әрі -КП) «Білім туралы» КР Заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымға қатыспайтын 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

1.2. Осы ереже МДҰ-да жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.

1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.4. Ата-аналардың өтініші бойынша отбасымен тікелей жұмысты МДҰ әдіскері жүзеге асырады.

## **2. Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Консультациялық пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің біртұастығы мен сабактастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға қатыспайтын балалардың тұлғалық жан жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- МДҰ-ға қатыспайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;
- Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамытуын түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдеріне) консультациялар беру арқылы көмек көрсету;
- МДҰ-ға қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету.

## **3. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру**

3.1. Ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмекті үйымдастыру мамандардың: басшы, әдіскер, медициналық қызметкер, педагог-психологтың, музыка жетекушісінің, тәрбиешінің, қазақ тілі мұғалімінің қызметін біріктіру негізінде құрылады.

3.2. Сайтта және МДҰ-да қажетті консультациялар, ата-аналар (занды өкілдерінің) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш, телефонмен хабарласу, білім беру мекемесі сайтының жұмысын үйымдастыру арқылы және т.б. бойынша сырттай консультациялар үйымдастыру - консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.3. Ата-аналарға (занды өкілдер) үшін білім беру мәселелерінде сауаттылықты арттыру және педагогикалық түзету білімдері саласында түсініктерді кеңейту бойынша семинарлар (вебинарлар, консультациялар, ұсынымдар) өткізу.

#### **4. Консультациялық пунктті басқару және оған басшылық ету**

4.1. Консультациялық пункттің қызметін үйымдастыруды басқару және оған басшылық ету осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Консультациялық пункттің ағымдағы жылдың ішінде қыркүйектен – мамырға дейін тегін жүзеге асырылады.

4.3. Консультациялық пункттің жұмысына жалпы басшылықты мектепке дейінгі үйымның әдіскері жүзеге асырады, соның ішінде:

- жұмыс жоспарына сәйкес консультациялық пунктінің жұмысын қамтамасыз етеді;

- Консультациялық пункттің жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

4.4. Консультациялық пунктінің ұсынатын қызметтері:

- Ата-аналар (занды өкілдерді) ағарту-барлық отбасы мүшелері тарапынан балаға тәрбие беруде бірінғай талаптарды әзірлеу мақсатында, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, ата-аналарды әртүрлі цифрлық жұмыс нысандары: консультациялық пункт (психологиялық, түзету, педагогикалық), ата-атаналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік ықпалдың негізі бағыттары, дағдарысты жағдайларды еңсеру туралы хабардар ету.

#### **5. Консультациялық пункттің құжаттамасы**

Консультациялық пунктінің қызметін қамтамасыз ету үшін мынадай құжаттама жүргізіледі:

- МДҰ-ға қатыспайтын ата-аналар (занды өкілдер) мен балаларға арналған консультациялық пункті туралы Ереже;
- Консультациялық пунктті ашу туралы бұйрық;
- Консультациялық пунктінің жұмыс жоспары;
- Өтініштерді тіркеу журналы;

➤ Ата-аналардан өтініш.

## **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Осы Ереже МДҰ басшысының бүйрығы шыққан сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Ереженің қолданылу мерзімі шектелмеген.

Бұл Ереже жаңасын қабылдағанға дейін қолданылады.